
ЭТНОМЭДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ТАҢЫМ

Ясиын ҚҰМАРҰЛЫ

КӨШПЕЛІЛЕР ЖӘНЕ ҚЫТАЙДЫҢ ОРТА ЖАЗЫҚ ЖЫЛҚЫ МӘДЕНИЕТІ*

В статье говорится о влиянии культуры коневодства кочевников Евразии на культуру Средней равнины древнего Китая, отсюда мы видим неясные стороны культуры коневодства у кочевников, особенно у тюркских кочевников.

Makalede Avrasya göçmenleri at kültürünün eski zamanlardaki Çin'in Orta düzündeki kültüre olan etkisi söylenmiştir. Aytıca türk göçmenlerin at kültüründeki bu zamana kadar bilinmeyen detayları görmek mümkündür.

Терістікегі Хуаңхы алабы былай қалып, Шаңжияң алабындағы Чу елінің (楚国) әйгілі ақыны Жуаңзы (庄子) жылқы жырын жырлаған дәүірде, жылқы атасы – терістікегі Түркілер мен басқа да алтай тілді көшпелілер ер қанаты, ел санаты – жылқыны қандай тілмен сипаттады екен?

Жуаңзының жылқы жыры: жылқы, жылқы мінү Қытайдың орта жазығына терістікегі көшпелілерден келгенімен, жылқы мәдениеті жағында қытайдың онтүстігіндегі Чу елі орта жазықтықтардан көш бойы алда жүрген. Чу ақындары жылқы жырын тебірене жырлайды. Қытай тарихында Коңзы, Мыңзылармен терезесі тәң тұратын Чу елінің философ ақыны Жуаңзының өлеңдері аттан екі елі айырылмайды [1]. Атты жырлауда ол қытай ақындарында алдына жан салмайды. Оның «Ат тұяғы» атты жырындағы, қарлы даладағы жүйткіген тұлшардың тұлшарын жырлауы, адамды қайран қалдырмай қоймайды. Қар жаумайтын онтүстіктің Чаңжияң алабындағы ақыны қалайша қарлы даладағы «тұлшардың тұяғын» қар жауатын Сары өзен алабының ақынанан да артық жырлайды? Жаң Жинмиң мырза: «Чұлықтардың ат жалында ойнаған ерекшелігі тек көшпелі ұлттардың бойынан ғана табылады» деп жазады [1].

Чулардан соңғы қытай тарихындағы ең әйгілі жылқы жыры Ханудидің «Тұлшар жыры» екені белгілі. Батыс терістікегі көшпелілердің сәйгүліктеріне ие болуды орта жазық әuletteri ұзақтан армандаш келеді. Б. з. б. 104 жылдары Хан патшалығының шеріктері батыстағы Даң-уан елін шауып, оның сәйгүліктерін Қыыр Шығыстағы Сары өзен бойына үйір-үйірімен дүркіретіп айдал жеткенде, терістік сәйгүліктеріне көз айданып болып, сүйсініп, қуанышы қойнына сыймаган Хан патшалығының патшасы Хан Уди «Тұлшар жырын» жазды:

Тұлпар келді, қиыр батыстан,
Құба шөлдерден, жаттар бағынған.
Тұлпар келді, моншақтап тері,
Жолбарыс жонды, қағылездегі.
Тұлпар келді, тақыр жондармен,
Шығысқа беттеп, шалғай жолдармен.
Тұлпар келді, күтілген сәтте,

* «Түркология» журналының 2010 ж. № 5-6 санында жарияланған «Көшпелілер және Қытайдың орта жазық жылқы мәдениеті» атты мақаланың жалғасы.

Я.Күмарұлы. Көшпелілер және Қытайдың орта жазық...

Көтеріп жалауын кім шығар шепке.

Тұлшар келді, ашылды қақпа,
Байланыш Құрым қалышты артта.
Тұлшар келді, айдаһар – жаушы,
Әлемге тақтан көзіңді салшы, –

деп тебірене жылқы жырын шығарады [2].

Хан Удиден кейінгі қытай патшаларының ішіндегі жылқы жырын жазып, жылқы мәдениетіне барынша құмартқан патша Таң патшалығының патшасы Таңтайзоң Лишиимиң (唐太宗李世民) болды. Сонау Шаң патшалығы заманында Қытайдың орта жазығына терістік көшпелілері арқылы ене бастаған жылқы мәдениеті Таң патшалығы заманына жеткенде шарықтау шығына жетті.

Таң Тайзоң және жылқы мәдениеті. Бұрынғы зерттеулерде көбінде жылқы мінү, арабаға шегу және арба, ат әбзелдері, атқа мінүмен бірге қару-жарақ, киім-кешек сияқтылар көбірек назарға алынған. Таң Тайзоң Ли Шымиңнің қабірінен және оның өлеңдерінен терістік жылқы мәдениетінің тағы да мынадай үш үлгісі айрықша әйгіленеді: бірі – ат сыны; енді бірі – ат тұлдау; тағы бірі – атқа түркіше ат қою.

Ат сыны: Таңтайзоң Лишиимиң:

«Сүйекті, мүшелері салаланған (观其骨大丛粗),
жалы биік, кеуделі, алшы келген (鬣高意阔),
көзі бейне айнадай (眼如悬镜), басы созық (头若侧砖),
сирағы бұғы тектес жұмыр біткен (腿象鹿而差圆),
самұрық мойны жіңішке, ұзын туған (颈比凤而增细),
шоқтық сүйек жотадай дара қалыш (后桥之下, 促骨起而成峰),
сіңірлері таспадай өрімделген (侧鞯之间, 长筋密而如瓣),
құлағы бар шырпадай тікірейген (耳根铁勒, 杉材难方),
құйрығы ытқып аққан су сияқты (尾本高丽, 掘砖非拟),
іші жарau, тар мыңын, күші мығым (腹平肷小, 自劲驱施之方),
мұрынды, тынысы кең аңқылдаған (鼻大喘疏, 不乏往来之气)» деп жылқы сынның айтады [3].

Міне, осы жылқы сынны ұлы Абайдың:

Шоқшардай кекілі бар қамыс құлак,
Қой мойын, қоян жонды бөкен қабақ.
Теке мұрын, салшы ерін, ұзын тісті,
Қабыргалы, жоталы болса күшті, –

деп келетін әйгілі жылқы сыйымен қаншалық үндестік тауып жатқандығы айтпасақ та белгілі жай.

Қытай тарихында әйгілі жылқы жырларын жазған патшалар – Хан Уди мен Таң Тайзоң. Осы екі патша да жылқы сүйген, астына тұлшар ойнақтатып, елін жылқы мәдениетін қабылдауға, жылқы мәдениеті арқылы елді қуаттаңдыруға берілген тұлғалар. Хан Уди терістік көшшелілерінен атты жасақ жасақтауды, атты жасаққа ебедейлі киім киоді, атты жасақтың қаруларымен қарулануды жөне басқа да атты жасақтың соғыс өнерлерін үйрәнді. Таң Тайзоң армиясы тұрғытердің ат мініп, садақ тартуын ғана үйретіп қалмастан, ішім-жем, жатын орнына дейіп тұрғытерге еліктегеді. Жеңіл атты жасақ Таң армиясының жауышгерлік қуатын барынша асырды. Қытай тарихында, орта жазық өулеттері өзін-өзі билеген тұстарында, дәл осы жылқы сүйген, елін жылқы мәдениетін қабылдауға бастаған екі патшалық тұсында қытай елі барынша құдіретін асырды, әлемге империялық айбатын танытты.

Ат құлағында ойнаған тұркі көшшелілерінің жылқы мәдениетіне барынша құмарланған, орта жазықтағы патша әулеті Лишымиңнің жазған осы жылқы сыйының өзінен, ат жалында өмір өткізген көшшелі атабабаларымызда сонау бірінші мың жылдықтың оргаларындағы тұркі дәүірінде жылқы сыйының қандай нұсқаларын шыгарғандығын бітуімізге болады. Қазақтың ескі батырлық жырлары мен ғашықтық жырларында екінің бірінде батырмен бірге астындағы тұлшары жырланатындығы, яғни, батырдың образымен бірге жылқы сыйы беріліп отыратындығы арғы замандардан белгілі.

Таң тайзоң Лишымиңмен тұстас замандарда тасқа ойылып жазылған Орхон-Енисей ескерткішінен де біз тұркі көшшелілерінің жылқы сыйын байқап отырамыз. Бұлардан басқа Таң тайзоң Лишымиң өзі мінген ең таңдаулы тұлшарларына арнап тұрқілерше ат қойған [4. 182-209]. Қабірінің басына олардың мүсінін ойғызыған, оларға арнап жыр жазған.

Жау қабірстани және жылқы мәдениеті: Таң патшалығының әйгілі патшасы Таң тайзоңның Жау қабірстандығы – Шанши өлкесінің Личуанжиу (礼泉九) тауында. Жау қабірстандығы Таң патшалығы патшасының қабірі болумен ғана емес, ол ерекше жылқы мәдениетіндік тұс алудымен де атағы жер жарған. Жау қабірстандығындағы алты сәйгүлік (陵六骏) қабірсандықтың терістік етегіндегі тасаттық текпесінің екі жаңындағы (庑廊) ескерткішке ойылған алты сәйгүліктің мүсініне қаратылған. Бұл ойма тас ескерткіштер Жынгуаның (贞观) 10 жылы (б.з. 636-жылы) орнатылған. Бұлар Таң тайзоңның Қытайды бірлікке келіріп Таң империясының іргесін бекемдеу жолындағы ұлы шайқастарда мініп қол бастан, жорыққа шығып, жауға шашқан кездерінде мінген әйгілі алты сәйгүлігі болған. Осы алты сәйгүлік биіктігі екі жарым метр, кеңдігі үш метрлік тас тақтага ерекше

Я.Кұмарұлы. Қеппелілер және Қытайдың орта жазық...

көркемдікпен ойылыш, шығыс және батыс жаққа екіге бөлініш орнатылған. Алты сәйгүліктің барлығына түрлі-түсті ат қойылыш, осы аттары да сәйгүлік мүсіндерінің жаңына ойылыш жазылған.

Осы сәйгүліктеге қойылған аттар нендей мағына береді, ол қайсы тілден келген? Қай сәйгүліктің аты не деген сөз? - деген сұраулар ұзак уақыт ғалымдардың талас-талқысына түсіш, шешімі болмай келе жатқан мәселе еді. Таяу жұз жылдан бері «Жау қабірлігіндегі алты сәйгүлік» еліміз іші-сыртындағы зертеу түйіндерінің біріне айналды. Десе де бұндай зерттеулерде оның әсемнегерлік құны жағына баса назар аударылыш, оның келиш шығу төркіні жабулы қала берді немесе ол туралы алуан түрлі болжамдар, тіпті, қате түсініктер де ортага қойылды. Бұл сәйгүлік аттары туралы жапониялық, американлық ғалымдар және қытай ғалымдары Сын жонмян (岑仲勉), Хан рулін (韩儒林), Сай хоншың (蔡鸿生), Рұй чуанмің (芮传明) сияқты ғалымдар үқсамаған түргыдан «Жау қабірлігіндегі алты сәйгүліктің» аттары туралы үқсамаған болжамдар айтады. Бұл аттарды біреулер парсыша, біреулер соғдыша десе, енді біреулер түрікше, тибетше деп жорамал айтқан еді.

Гы чыңоңның (葛承雍) Таң тайзоңның Жау қабірстандығындағы алты сәйгүлік мүсіні туралы мақаласы Таң тайзоңның Жау қабірстандығындағы тұлшар мүсіндерінің мағынасы мен тұлшарлардың атының келу тегін апты.

Атқа түркіше ат қою: Гы чыңоң Таң дәуіріндегі орта жазық жылқыларының бастысы батыс терістіктері түркі халықтары жасаған өңірден келгендігіне, әрі жылқы тұқымдарының негізінен түркі жылқы тұқымдары екендігіне талдау жасау арқылы, түркі тілдерін дәнекер ете отырыш алты сәйгүліктің атына зертеу жүргізеді. Нәтижеде, Таң тайзоңның 特勤骠 (te qin piao), 青骓 (qing zhuī), 什伐赤 (shen fa chi), 翠露紫 (sa lu zi), 拳毛 gua (quan mao gua), 白蹄鸟 (bai ti wu) сыңды алты тұлшарына қойған атының сырын апты. Ол қытай тілінің көне оқылуы, түркі сөз түбірлері және басқа да тарихи-тілдік негіздерге сүйене отырыш бұл сәйгүліктегі атының бір белімінің түркі қағандарының атына, бір белімінің түркі сөздеріне байланысты ат екендігін анықтайды [4, 182-209].

Таң дәуірінде Қытайдың орта жазығына батыс терістіктері түркі қеппелілерінен сәйгүліктер қора-қорасымен әкелинеді. Қаңлы елінен асыл тұқымды жылқы шығатындығы, олардан төрт мың жылқы әкелиңгендігі тарихи деректерден жолығады [5]. Сол дәуірде Қытайдың орта жазығы үшін «жақсы жылқы ху жерінен, жақсы жылқышы хулардан» келген [6].

Таңтайзоң Лишымиц түріктердің атты жасақ құру үлгісін ғана емес, олардың жылқы мәдениетін қабылдағаны соншалық, өз сәйгүліктегін түркіше атпен атап, құлыштастарына олардың мүсінін ойғызады. Оларға арнап өлең шығарады. Қытай авторлары бұны оның өз сәйгүліктегін

мадақтауы ғана емес, қайта түркі көшшелілерінің батырды, ерлікті жырлау салты арқылы өзінің соғыстағы ерлігі мен ерең еңбегін мадақтау және есте сақтау еді, – деп жазады [4. 182-209]. Түркілер батырды, ерлікті жырлағанда оның астына мінген сәйгүлігін де қоса жырлайтындағы, батыр мен аты тең мадақталыш, тең еске алынатындығы шындық. Бұны бізге белгілі болған сонау сол Таң тайзоң заманындағы Құлтегін жырларынан бастап кейінгі батырлық, ғашықтық жырларының барлығынан кездестіруге болады.

Түркілер батыр мен мінген атын тең жырлац, тең еске алумен ғана қоймаған, қайта аргы ата-бабалары сактардан тартып кейінгі ұрпақтары қазақ сияқты ұлттарға дейін жылқыны тіріде жан жолдасы, өлгендеге көр жолдасы еткен. Аргы заманда қоса көмгөн, кейін жылдығына арнап соятын, терісі мен сирақтарын моласының басына апарып қоятын болған. Кейде моласының басына, ескерткіш тасқа жылқы суретін ойған. Таңтайзоң қабірстандығының басына мұсіні ойылған сәйгүліктер де адамға осыны елестетеді: Біріншіден, олар тіріде Таң тайзоңдың өзі мінген тұлшарлары, екіншіден, олардың мұсіні қабір басына ойылып орнатылған, үшіншіден, мұсін ойылған тастар дәл тасаттық текпесінің екі жаңына орнастырылған.

Ғалымдардың Таң тайзоңдың жылқы жырлары мен қабірінің басындағы жылқы мұсіндерін зерттегендеге айтқан, «туріктердің батырды, ерлікті жырлау салты» деген сөзі тектен-текке айтыла салған сөз емесі белгілі. Түркі көшшелілерінің, тіпті тұтас көшшелілердің батырлық-ерлігі астына мінген сәйгүлігімен бірге жырланады. Оның есімі де сәйгүлігімен бірге қалады. Таңтайзоң қабірстандығының басына түркі сәйгүліктерінің бейнесін ойғызуы бұдан басқа және байырғы түркі көшшелілерінің ат тұлдау салтымен де байланысты. Бұны зерттеуші ғалымдар жетерлік ескермеген.

Ат тұлдау: Қазақстанның солгүстігіндегі Тобыл өзені аңғарынан байқалған Сынташта (Sintasht) мәдениет жүргізінан б. з. б. 2200ж. - б. з. б. 1800ж. аралығындағы жауынгермен қоса көмілген екі дөңгелекті арба және жылқының сүйегі табылды [7]. Міне, бұл қазірге дейінгі байқалған тарихы ең арыдағы ат шен арбаны көржолдас етудің мысалы.

Кейін бұл құбылыс Еуразия даласынан жашшай жолықты. Жылқыны көржолдасқа қоса көму әдеті кейін ғасырлар аудиса келе форма жағынан өзгеріш жылқыны қоса көмбей арнап сойып етін өлімге келгендер жейтін, қабір басына жылқының терісін, бас-сирағын, дене мүшесін қоятын немесе мұсіні, бейнесі ойылған тас ескерткіш орнататын болған. Жылқыны (өслі өз мініс жылқысын) тұлдау немесе асына, жетісіне, қырқына, жылдығына сою қазақ арасында қазірге дейін бар.

Терістік көшшелілерінің 4000 жылдың аргы жағындағы арба мен жылқыны көржолдасқа қоса көму әдеті 3000 жылдың алдында орга жазықтың Ин-Шаң қабірлерінен, одан кейінгі Жоу патшалығы заманындағы қабірлерден байқалды. Чин шыхуадың алыш қабіріндегі әскерлер мен жылқы және арба мұсіндерін жасап көр жолдасқа қоса көмуі де түбін құғанда көшшелілердің жауынгерге арба және жылқыны көр жолдастыққа қоса көму

Я.Күмарұлы. Көшшелілер және Қытайдың орта жазық...

салтының жалғасы екендігі белгілі. Міне, осының көшшелілердегі жалғасының тағы бір жаңды мысалы Таң патшасы Таңтайзорд Ли шымшиңін алып қабірстандығынан байқалды.

Жау қабірстандығындағы алты сәйгүлік – Таң тайзоның қабірстандығына ойылған Таң тайзоң мінген әйгілі алты сәйгүлік. Қытай тарихшылары Таң тайзоның қабірстандығына ойылған Таң тайзоң мінген әйгілі алты сәйгүліктің мағынасын Таң тайзоның өзі мінген сәйгүліктерін қастерлең, еске алуынан деп қарайды. Іс жүзінде бұнда байырғы көшшелілердің ат тұлдау, тірісінде мінген атын өлгендеге көржолдасқа қоса жерлеу немесе тағы басқалардың туындысы екені белгілі. Түркі көшшелілерінің жылқышылығын, атты жасақ құру өнерін, жылқы сынын, жылқы жырын, жылқыға ат қою салтын қаз-қалпында қабылдаған жылқы құмар, түркінің жылқы мәдениетін бойына жете дарытқан Таң тайзоңдай ұлы тұлғаның өлгенде өзі мінген сәйгүліктерін ала кетіш, өзіне көр жолдас етуі табиғи құбылыс. Оның үстінен сәйгүліктердің мұсіні тасаттық текпесінің екі жаңындағы (庑廊) ескерткішке ойылғандығы да осы сәйгүліктердің патшаның тасаттығына арналғандығының айғағы. Ерте заманда түріктер өлген адамның тіріде мінген атын өлгенде тұлдаап асына, жылдығына арнаап шалатын болған. Тіпті түріктердің аргы аталары сақтар өздері табынған ең құдіретті күштің иесі құнға арнаап та тасаттыққа тек кендей зулаш шабатын жылқы малын шалатын болған. Ал атты балбал тасқа ойыш батырдың моласының басына қадау көшшелілерде аргы замандардан бері жалғасыш келе жатқан әдет. Бұл одан да аргы замандардағы тірісінде мінген атын өлгенде қоса жерлеу салтының жалғасы екендігі белгілі.

Сондықтан біріншіден, Таң тайзоның қабырстандығына Таң тайзоң өзі мінген әйгілі алты сәйгүліктің мұсінінің ойылуы ең өуелі терістік көшшелілерінің аргы замандардан бері жалғасқан ат тұлдау, ат арнау салтынан келгендігі белгілі.

Қытайдың орта жазығына жылқы мәдениеті алуан қырынан келгендей, тіпті жылқышылық (жылқы бағу) өнерінің де келгендей байқаймыз. Таң дәуірінде «Жақсы ат қу жерінен, жақсы башкер қулардан» деген сөз болған [8]. Міне қытайдың орта жазығына қу жерінен жақсы жылқы әкелінің қала қалмай, жылқышылық мәдениетінің де келгендейгінің дәлелі. Яғни Таң тайзоның астындағы сәйгүлігі түркілерден келумен бірге ат балтаушылары да түркілер болған. Таң тайзоң түркілерден аттың қыры-сырын, тіпті «ат сынына» дейін әбден игерген. Ал, Таң тайзоның өзінің тегі туралы терістік көшшелілерімен қан араластығы бар деп қарайтын ғалымдар да баршылық.

Көшшелілердің орта жазыққа енген жылқы мәдениеті орта жазықтағы Таң-соң жырларындағы жылқыға, ат әбзелдерін, жылқыға мінген саяхат-сапарға қатысты мазмұндарда молынан жолығады. Бұлар барлығы осы дәуірлерде жылқының орта жазықта құш-көлік ғана емес аса зор эстетикалық нысанаға айналғандығынан да дерек береді. Былайша айтқанда жылқы

мәдениеті қытайдың басқа мәдениетерімен бір уақытта, оның әдебиетіне де арқау болды, әдеби жасампаздығын тың белеске көтерді. Көшшелілерде жылқы күзеу өнерінің наным-сенімдік, салт-дәстүрлік және эстетикалық маңызының зорлығы белгілі. Қытай деректерінен де жылқының жалын күзеу, әсемдеуге қатысты мазмұндар жолынады [9]. Таң тайзоңдың қабіріндегі Таң тайзоң мінген, түрікше ат қойған сәйгүліктердің мұсіндерінен де аттың жалын үшке айырып бугандығы, аттың құйрығын түйгендігі байқалады. Бұл аргы замандағы түркілік әдет болыш, терістіктең жартас суреттерінде молынан жолынады.

Жылқыга қатысты әсемөнер, ойын-сауық. Жоғарыда баяндағанымыздай қытай жері жылқыға ең өуелі таныс бола бастағаннан-ақ ол қытайдың орга жазығында сол дәуірдегі терістік көшшелілері мен Сары өзен алабының ең қасиетті заты қас тасынан ойылған. Осындай қас тасы жылқы мұсіні Шаңдардың соңғы мезгіліне тән Фухаудың (妇好) қабірінен табылды. Егер кей ғалымдар айтқандай Фухау терістік көшшелілерінің Шаңдарға ұзатқан Хашпасы болса, онда оның қабірінен шыққан қас тасынан ойылған жылқы мұсіні де оның жасауымен бірге терістіктен келген киелі бүйім болса керек.

Пазырық мәдениетінен көшшелілердің әсемөнердің ең таңдаулы үлгілерін жылқы мәдениетіне арнағандығын, олардың жылқы әсемдеуі басқа әрқандай әсемөнерлік жасампаздықтан асып түсетіндігі байқалады. Алтай көшшелілерінің жылқы және жылқы әбзелдерін әсемдеуі шегінде жеткен дең айтуға болады. Оңдағы кемістік – ол заманда ағаш ер мен үзенгінің әлі тапқырланбағандығы ғана еді.

Алтын ерте заман адамдары үшін дәл қазіргі сияқты ерекше ташы әрі құнды зат болған. Терістік көшшелілерінің алтынға табынуына қарағанда, ол қазіргідей бағалы зат ғана емес, киелі зат та саналған. Соңдықтан көшшелілер өзіншің осы бір ең асыл затын ат әбзелдерін әшекейлеуге пайдаланған. Бұлкім бұл да оның киелі қаралғандығынан болса керек. Орта жазықтағы алғашқы алтындалған ат әбзелдері Ин-шаң жүрттарынан байқалды. Бұндай ат әбзелдерін алтынмен алтап, күміспен қалтау Чин дәуірінде барынша дамыған. Оны Чин патшасы Чин шыхуаңың қабірстандығынан табылған ат әбзелдері әйгілейді. Оңдағы ноқта-жүгеннің төбелдірігі (ноқта-жүгеннің маңдай тұсына тағылатын салшыншақ әшекей) ерекше әшекейленіп, өрнек салынып, алтын-күміс жалатылаш жасалған [10]. Орта жазықтағы ат әбзелдерін әшекейлең құймалаудың таң дәуіріне жеткенде жоғары шекке жеткендігін байқауға болады [11].

Ат доп ойны. Күша киінш, үстіне қайырма жағалы, тар жеңді ұзын қантал шашаң, басына қулардың бас киімін, аяғына ұзын қоныш етік киіп, беліне белбеу буынған, ат доп ойнын ойнаған қыздың Таң дәуіріндегі мұсіні қазір Лояң мұражайында сақтаулы тұр [12].

Я.Кұмарұлы. Көпшелілер және Қытайдың орта жазық...

Ат дод ойыны Қытайдың орта жазығына шарсы жерінен келген делінеді. Ондағы ат дод ойыны, таққа мініп, ойын ойнап, жарыс салу сияқтылар терістік көшшелілерінің мәдениетінің әсері болыш қалмастан, олардың киімі де терістіктегі қулардың киімі болған. Терістік көшшелілеріндегі (қазакта) ат үстінде әйелдер ерлермен тең қыз қууға шығып, ер басына қамшы үйріп, жарысқа түседі. Қолына домбыра алыш, тоң оргасында ақындық айтысқа түсіп, ерлермен өлең сөздің сайысында түседі. Терістік көшшелілерінің хан мен қараша, ер мен әйел арасындағы теңдік әйгіленген осындай азат ой, еркін идеясы Қытайдың орта жазығында терістік көшшелілері қулардың мәдениеті барынша қабылданған Уй-жинен, Сүй-таң және Соң патшалығына дейін болған. Ат дод ойынындағы ат ойыны, ат доң, ат дод ойынындағы киім-кешек сияқтылар ғана емес, әйелдердің ат дод ойнауы да терістіктен келген (орта жазықтың дәстүрлі тұрмыс өлшемінде әйелдердің ат жарысын салуы, дод ойнауы сияқтыларға жол қойылмайды).

Қытай қабырға суреттерінен қытай ақсүйектері ішіндегі терістік көшшелілерінің жылқы мәдениетін ерекше қабылданған тобының жылқы мәдениетін сауық-сайран, көңіл көтеру құралы еткендігін де байқаймыз. Қабырға суреттердегі жылқы мініп, садақ тартып аң аулауга шыққан көріністер аң аулаң, азық табу емес, саят құру екендігі бесенеден белгілі.

Махмұт Қашқаридың «Тұркі тілдер сөздігінде»: «Тобық шоқтармен ұрыш ойнайтын дод» [13. 492], «Талас – ат бәйгесінде және тобық дод ойынында майдан шекарасына тартылған арқан» [13. 471].

Жылқы үстінде шергілетін қүй және қүй аспабы: Ат үстінде ойналатын қүй дегендік – көшшелілердің қүйі дегендік. Қытайларда ерте заманда қисса айту әдеті (дастанды өлеңдетіп жатқа айту) болмаған. Ұаңчиң (王青) мырза бұның себебін мынадай ұш жақтан іздейді: «көшіп жүргүре үйлессетін мәдениет оргасы жоқ, жанға ала жүріп, шергітін қүй аспабы ташқырланбаған, тілінде және тон (дыбыс ырғағы) бар». Міне, сондықтан да терістік көшшелілерінің әң, қүй, би және басқа да өнер көрсету үлгілерімен ұштастырылған әдебиет жасампаздығы Қытайдың орта жазығындағы халықтардың әдебиетіне молынан қабылданып, тез таралып, кең көлемді қоғамдық өнім берді. Ол орта жазық әдебиет-көркеменерінің халықтық тұс алуына тамаша шарт-жағдай жаратты.

Жылқының әскери мәдениетке жасаған әсері. Жылқы соғысты жеделдетті, соғыс мәдениетінің таралуын жеделдетті, жылқы соғыстың көлемін, шаршитын аумағын, соғыс мәдениетінің таралу, шаршу аумағын ұлғайтты.

Әскери қосын ең әуелі бір топтың немесе бір елдің өзін қорғау және басқаларға зорлық жасау үшін жасақтаған қарулы күші. Қытай тарихынан алыш қарағанда оның қайсыбір патшалығы болмасын терістік көшшелілерінен және олардың әскери қосындарынан аулақ бола алмаған. Тіпті тұтас қытай тарихында оның елін билеген, әкімият құрған әулеттердің тең жарымынан

астамы терістік көшшелілері болған. Қытай тарихындағы ед алғашқы патшалық Шиялар терістік көшшелілерімен ерекші байланыста болған, кейін Шаңдар Шияларды талқандағанда Шияң ақсүйектері терістік көшшелілеріне қашып барып қосылған. Шаңдар терістік көшшелілерімен ұзак уақыттық араластығы, терістік көшшелілерінің Шаңдарға қосылып, орда жұмысына дейін араласқандығы сүйек жазуының деректерінен молынан байқалады. Шаңдардың соңғы мезгіліндегі астанасы Инн қабірстандарынан табылған адам бас сүйектерінің де көп бөлегі терістік көшшелілерінің екендігі дәлелденген. Ал, Жоулар терістік көшшелілерімен етепе болған, тіпті, бір мезет Номдармен бірге көшшелі мал шаруашылығымен шұғылданған. Жоуларды аударып, патшалық құрган Чиндер тегінде батыс терістікте жылқы шаруашылығымен шұғылданатын көшшелі ел болған [14]. Міне бұлардың барлығынан Хан патшалығынан бұрынғы орта жазық патшалықтарының терістік көшшелілерімен қаншалық байланыста екендігін, бұның орта жазықтың әскери істеріне қаншалық әсер-ықпал жасағандығы өздігінен-ақ белгілі. Тіпті, Ханнан бұрынғы орта жазық патшалықтарын түгелімен терістік көшшелілеріне тікелей байланысты дег қарайтын зерттеушілер де аз емес. Ханнан басталған Қытай патшалықтарының жағдайына қарасақ, Хандар екі жұз жылдан астам әкімят құрып, оңтүстік ғұндарды бағындырып, терістік ғұндарды батысқа қуыш тастағанымен, әскери техника және жабдықтау жағынан терістіктерден тәлім алды. Олардан атты жасақ жасақтауды, атты жасаққа ебдейлі киім киоді, атты жасақтың қаруларымен қаруланды және басқа да атты жасақтың соғыс өнерлерін үйренді. Бұнымен қоймай Хан армиясының құрамында терістік көшшелілерінің әүлеттері де аз болмаған. Орта жазыққа қоныстанған немесе соғыста бағынған терістік көшшелілерінің үрпақтары Хан армиясына қатынасып, соғыс жүргізген. Тіпті терістік ғұндарды хандарға бағынған оңтүстік ғұндардың армиясы талқандаған [15]. Хан патшалығынан кейінгі 300 жыл шамасында қытайдың орта жазығы терістік көшшелілерін негіз еткен сыртқы ұлттардың үстемдігінде болды. Осыдан кейінгі Сүй-Таң патшалықтары тұсы қытайдың ед бір өркендерен және өз тізгінін өз қолына алып дәуірі болды.

Таң дәуірі орта жазықтың түркі мәдениетін барынша қабылдаған дәуір еді. Таң патшалығы дәуірінде орта жазық атты жасақтарында өзгерістер жасалды. Оңтүстік – терістік патшалықтары дәуірінен бергі сауыт-сайманы зіл-батшан атты қосын қатардан қалып, Түріктеге еліктең, сауытсыз, соғысқа ынғайлы, жеңіл атты жасақ жасақталды. Таң папасы Таң тайゾның соғысқа мініп шыққан сәйгүліктерінің тас оймасынан да осындаі қарашайымдылықты аңғаруга болады.

Кей мамандар айтқаныңдай, Шаң дәуірінің соңғы мезгіліндегі әйгілі әскери қолбасшы Фу Хаян Шаң дәуіріндегі терістіктері белгілі елдің Шаң патшасы У-динге ұзатқан қызы болса, онда Шаң елінің әскери-саяси істеріне

Я.Күмарұлы. Көшшелілер және Қытайдың орга жазық...

ересен үлес қосқан осы әйел қайраткердің орга жазыққа терістіктің әскери қару-жарагы мен соғыс өнерін ала келері сөзсіз еді.

Көшшелілер заттық мәдениет жағынан салыстырмалы түрде мешеу болғанымен, әскери жақтан зор басымдылық иеледі. Олар ат жалындағы садақтылар болғандықтан таңдаулы садақшылардан аса икемді атты жасақ ұйымдастыра алды. Бұндай арнаулы «құрал» оларды отырықшы ұлттардың алдында ұstem орынға шығарды. Бұл зеңбірекші қосындардың таяу заманғы европалықтарды басқа елдердің алдында ырықты орынға шығарғандығымен бірдей болған [16]. От қаруы жалпыласудан ілгергі далалықтардың егіппі елдерден әскери жақтан ұstem орында тұруының дәмін байыргы Қытай, Үндістан, Иран, Батыс Азия және Европа елдерінің барлығы тартқаны тарихтан белгілі.

Мыңчыбы өзінің «Дала мәдениеті және адамзат тарихи» атты еңбегінде жылқының адамзат соғыс мәдениетіндегі рөліне тоқталғанда былай деп жазды: «Чүнчиу-жангую дәуірінен Хан Удиге дейінгі жүздеген жылда, орга жазық патшалықтарын ғұндар арандатып отырды. Бұнда бастысы ғұндардың атты әскерлерінің шабуылына ұшырады. Жангую дәуірінде Жауулиниң «қуларша киініш, қуларша атты жасақ жасақтауды» дәріштеуі де, ғұндармен алысу барысында, сұрышталған атты жасақ құрғандаған ғұндардың атты жасағына төтеп беруге болатындығын әбден түсінгендігінен еді. Хан Удидің де ел байыш, мемлекет күштейгенде, жылқы сатып альш, жылқы бағуға кірісіү атты жасақ құрыш, ғұндарға төтеп беру болды. Оның Жаңчиянды батыс өңірге сапарға аттаңдыруындағы басты мақсаттарының бірі асыл тұқымды жылқы іздеу еді. Хан Уди атты жасақ құруға мән бергендейтінған ғұндардың қатерін түбегейлі аластай алды. Ол кезде Евразия ұлы құрылышын көшшелілердің жеңімпаз атты жасақтары ат тұяғымен таптаған. Чиншыхуаң да ұлы қорғанды ғұндардың атты жасағын тосу үшін салды. Кейін Шыңғысханның, түріктердің, арабтардың, ауарлардың ұлы дүбірлері түгелдей жылқының арқасында орындалды. Арияңдардың Европага деңдей еніп, Рим империясын талқандауында сүйенгені тағы да жылқы болған. 14-ғасырда от қару пайды болғанға дейін, атты жасақ ерекше қорқынышты әскери күш саналған. Атты жасақ бір патшалықты, бір ұлтты жойған; Атты жасақ бір патшалықты жаратқан, бір ұлтты есейткен. Атты жасақ адамдардың назарын соғысқа шоғырландырды, адам мен адамның бәсекесін асқындырды. Адамдардың ойын соғысқа ұйытты, адамдардың ақыл-парасатын соғысқа жұмысатты. Тактика мен стратегиядағы бұрылыш, соғыс қаруларындағы жақалану тарихтың алға басуынын беташары болыш отырды. Атты жасақ тарихтың барысын арт-артынан өзгеріп отырды. ...экономикалық бәсеке әскери бәсекенің орнын алудан бұрын, соғыс адамзатты алға ілгерледті, тарихты дамытты».

Таң дәуірі орга жазықтың түркі мәдениетін барынша қабылдаған дәуір еді. Таң патшалығы дәуірінде орга жазық атты жасақтарында жалғасты өзгерістер жасалды. Оңтүстік-терістік патшалықтары дәуірінен бергі сауыт-

сайманы зіл-батшан атты қосын қатардан қалыш, түріктердің әсер-ықпалында, соғысқа ыңғайлы, женіл атты жасақ жасақталды. Таң патшалығының құрушысы Лиу юан Тайюанды қорғап түрған кезінде, түрік атты әскерлерінің «садақ тартыш», «күйінша ұйытқыған» күш-қуатымен танысады. Сонымен өзі басқарған қосынның ат үстінен садақ тартуға жарайтын жарым-жартысын іріктең алыш, түрікше жаттықтырады. Оларға түріктердің ат мініш, садақ тартуын ғана ұйретіп қалмастан, ішіп-жем, жатын орнына дейін түріктерге елштегеді. Женіл атты жасақ Таң армиясының жауынгерлік қуатын барынша асырды. Таңтайзоқ Ли шының өз мініс аттарын түрік сөзімен немесе түрік мәнсаш атымен атаған. Бұл оның өз сәйгүліктерін әсірелеуі ғана емес еді, қайта түріктердің батырды, ерлікті жырлау салты арқылы өзінің соғыстағы ерлігі мен ерен еңбегін мадақтау және есте сақтау еді [17, 176]. Таң империясының ел басы Таң тайзоқ түркі көшпелілерінің атты жасақ құру мәдениетін ғана қабылдаш қалмай, байыргы терістік көшпелілерінің жылқы қастерлеу, жылқыны жырлау, жылқы жоқтау, жылқы тұлдау, батырдың ескерткішіне мінген атының бейнесін салу сияқты салттарының әсерінде, өзінің ерлігін әйгілец, ел қорғаған талай сайыстарда астына мінген, түркілерден алған алты сәйгүлігіне арнаш тастан мүсін де ойғызды. Таң дәуірі тек әскери мәдениет жақтан ғана емес, басқа мәдениет жақтарынан да патша ордасын негіз еткен жоғары жіктердің тіл, киім-кешек, ішіп-жем, жатын орынға дейін түріктерге елштеген заманы болған. Таң дәуірінен басталған женіл жабдықталиған атты жасақ өзінен кейінгі Соң, Юань, Мин және Чин патшалықтарына дейін жалғасып, От қарулар мен моторлы көліктер жалпыласқанға дейін үстемдік орнын сақташ келді [17, 179].

ӘДЕБІЕТТЕР

1. 孟驰北: «草原文化与人类历史», 国际文化出版公司, 1999年.
2. «Ханнама» 22-бума, «Жол-жосын, музыка дерегі».
3. «唐会要» 卷二七 (Taң жарғылары 27-бума).
4. 承雁: «唐昭陵六骏与突厥葬俗研究», 中华文史论丛, 第六十辑, 182-209页.
5. «唐会要» 卷二七.
6. «唐代九姓胡与突厥文化», 中华书局, 1998年, 北京, 225页.
7. Уаң хайчын, «Қытай ат арбасының төркіні», Евразия ғылыми журналы, №3, 64-6.
8. 蔡鸿生: «唐代九姓胡与突厥文化», 中华书局, 1998年, 北京, 225页.
9. 郭物: «国之大事 – 中国古代战车战马», 四川人民出版社, 2004年, 175.
10. «国之大事 – 中国古代战车战马», 四川人民出版社, 2004年, 112页.
11. 郭物: «国之大事 – 中国古代战车战马», 四川人民出版社, 2004年, 174-175页.
12. 赵超著: «云想衣裳: 中国服饰的考古文物研究», 四川人民出版社, 2004年, 成都, 121页.
13. «Түркі тілдер сөздігі», 1-том, 492 бет.
14. 郭物: «国之大事 – 中国古代战车战马», 四川人民出版社, 2004年, 102页.

Я.Күмарұлы. Көпшелілер және Қытайдың орға жазық...

15. 雷海宗: «中国的兵», 中华书局, 2005年, 75页.
16. 勒·格鲁塞 (Rene Grousset) : «草原帝国» (Дала Империясы), 国际文化出版社, 2006年, 北京, 11页.
17. 郭物: «国之大事 – 中国古代战车战马», 四川人民出版社, 2004年, 134页.

REZUME

Y.KUMARULY (Urimzhi)
INFLUENCE OF NOMADIC HORSE CULTURE ON THE ANCIENT CHINESE
MIDDLE FLAT CULTURE

The article deals with the influence of nomadic horse culture on the ancient Chinese middle flat culture. Thus there can be seen the old sides of ancient horse culture of nomads especially Turkic nomads.